

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ
22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»
22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»
22-April, 2022 y.

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

**3-секция. Педагогикалық іс-әрекеттері колларборация бірыңғай білім беру
кеңістігін дамыту ресурсы ретінде**
**Секция – 3. «Сотрудничество в педагогической деятельности как ресурс развития
единого образовательного пространства»**

**ЖОО – ДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІ РЕТІНДЕ**

Абдыхалыкова Ж.Е., Абдуллаева Ж.Д.
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Нұр-Сұлтан
zhazkenti@mail.ru, jazok082@mail.ru

Аннотация. В статье рассматривается академическая мобильность в вузах Казахстана как инновационная программа повышающая эффективность образовательного процесса и качество подготовки кадров.

Определены элементы академической мобильности как инновационной образовательной программы: цель, условия организации академической мобильности (законодательная, образовательная, оценочная), механизмы организации академической мобильности, барьеры.

В заключении авторы пришли к выводу, что дальнейшее развитие механизмов и стратегий реализации академической мобильности позволит повысить конкурентоспособность вузов Казахстана на международном уровне.

Ключевые слова: глобализация высшего образования, международное сотрудничество, академическая мобильность, инновационное образование, компетентностный подход.

Abstract. The article considers academic mobility in the universities of Kazakhstan as an innovative program that increases the efficiency of the educational process and the quality of staff training.

The elements of academic mobility as an innovative educational program are defined: the purpose, conditions of the organization of academic mobility (legislative, educational, evaluation), the mechanisms of the organization of academic mobility, barriers.

In conclusion, the authors came to the conclusion that the further development of mechanisms and strategies for the implementation of academic mobility will allow to increase the competitiveness of universities in Kazakhstan at the international level.

Key words: globalization of higher education, international cooperation, academic mobility, innovative education, competence approach.

Бүгінгі таңда жоғары білім беруді дамытуға ұлттық қарым-қатынасты дамыту, жаһандандыру, ақпараттық қоғамды қалыптастыру сияқты процестерге ықпал етеді. Бұл процестер жоғары оқу орындарының алға дамуына мүмкіндіктер туғызуда: білім беру бағдарламалары; ақпараттық-коммуникативті технологиялар енгізілді; жоғары білім беру ұйымдарының жаңа ұйымдастыру нысандары қалыптасты т.с.с.

Жоғары үрдістерінің білім берудегі жаһандандудың бірі ретінде академиялық ұтқырлық жаңартылған заманындағы мамандардың білім берудегі кәсіби күзіреттілігін қалыптастыруына мүмкіндік беретін инновациялық бағдарламасы ретінде маңызы зор. Академиялық ұтқырлық жоғары оқу орындарының халықаралық үрдістердің басым бағыты ретінде, әлемдік стандарттарға сәйкес қазақстандық жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етеді, оның тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Осыған сәйкес, қаралған мақалада білім берудің инновациялық элементтері, жоғары оқу орындарда академиялық ұтқырлықтың инновациялық білім беру бағдарламасы ретінде

ұйымдастыру механизмдері, кедергілері, формалары мен технологиялары, білім беру жүйесіне ықпал ететін экономикалық-әлеуметтік әсерлері айқындалған.

Жаһандану және халықаралық үдерістердің дамуымен жоғары білімнің алдында нарықтық қатынастардың өзгерген жағдайына тиімді жұмыс істеуге қабілетті кәсіби кадрларды даярлау мақсаты орын алды. Жоғары білім берудің жаһандануы әр түрлі мақсаттарды көздейді, олардың ішінде: шетелдік студенттерді ақылы оқуға тарту арқылы қаржы түсімдерін арттыру; оқу бағдарламалары өзгертіліп кеңейюі және қазақстандық студенттерді серіктес шетелдік ЖОО-да оқыту; өзіндік білім беру ресурстарын тиімді пайдалану үшін ЖОО-ның аймақтық желісін жасау; халықаралық жоғары оқу орындар арасындағы ынтымақтастықты ары қарай дамыту, студенттер мен оқытушылардың тағлымдамадан өтуі, шетелдік серіктес жоғары оқу орындарында конференциялар мен семинарлаға қатысу, бірлескен ғылыми-зерттеу және білім беру жобаларын, алмасу бағдарламаларын ұйымдастыруға мүмкіндік беру.

Халықаралық білім беру кеңістігіндегі басты мақсат-әлемдік стандарттарға сәйкес қазақстандық жоғары білім беру сапасын арттыру, жеңіл алмастырылатын және есепке алынатын кредит-сағаттық деңгейлер жүйесін қабылдау, оның ішінде шетелдік студенттердің еңбекпен қамтылуын, бейімделуін және еуропалық жоғары білім жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге арналған жалпы еуропалық дипломға қосымшаны енгізу, оның тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Болон декларациясының негізгі принциптерінің бірі студенттермен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту. Жоғарыдағы мәселелер, академиялық ұтқырлықтың қазіргі заманғы білім беру мен мамандардың кәсіби кұзіреттілігін қалыптастыруға әсер ететін инновациялық бағдарламасы ретінде дамытуды қажет етеді. Себебі академиялық ұтқырлық әлемдік стандарттарға сәкес қазақстандық жоғары білім беру сапасын қамтамасыз етеді, оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Академиялық ұтқырлық – жоғары оқу орындарда білім берудің қазіргі жүйесіндегі жаңартылған үдерістердің ажырамас бөлігі, өз кезегінде инновациялық академиялық технологияларды, жоғары деңгейлі кәсіптік білім жүйесіндегі оқу үдерісінің бағыттарын жан-жақты дамытуға ықпал ете алады:

1. Жоғары кәсіптік білім туралы дипломға қосымшаның жалпы еуропалық өлшемдерімен сәйкестендіру, жоғары кәсіптік білім туралы дипломға қосымшаның халықаралық критерилерін әзірлеу (Diploma Supplement);
2. Оқу стандарттарын сәйкестендіру;
3. Білім беру сапасын бағалаудың жаңа әдіснамасын, бағалау өлшемдерін әзірлеу;
4. Білім беру субъектілерінің (білім алушы, профессор-оқытушы) академиялық ұтқырлығын жүзеге асыру технологиясын әзірлеу;
5. Халықаралық ғылыми-зерттеулерді, ғылыми-техникалық және білім беру бағдарламаларын, жобаларын үйлестіру, сүйемелдеу;
6. Деңгейлік білім беру стандарттарының жаңа түрлерін жасау;
7. Болон процесіне қатысушы мемлекеттерде ҚР кәсіптік білім беру дипломдарын мойындаудың салыстырмалы жүйесін қамтамасыз ету;
8. Әлемдік білім беру жүйесіне толыққанды серіктес ретінде жоғары оқу орындарын интеграцияландырудың стратегиялық дамуын әзірлеу [1].

Алдағы онжылдыққа дейін еңбек нарығының қажеттілігін, еліміздің индустриалдық-инновациялық міндеттерін, тартылған тұлғаны қанағаттандыратын және білім беру саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибеге сәкес келетін, жоғары білім сапасын жоғары деңгейлі білім сапасына қол жеткізу міндеті тұр.

Инновациялар білім беру - оқыту үдерісінің тиімділігін арттырады, соның негізінде болашақ маманның кәсіби дайындық деңгейін жетілдіретін 21 ғасырдағы университет аралық интеграцияның түрі ретінде қабылданады. Осылайша, инновациялық білім берудің басты мақсаты болашақ мамандардың кәсіби іс-әрекетке дайындығын, еңбек нарығында қажетті кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жоғары оқу орындарының инновациялық өзгерістері, әлемдік деңгейдегі өзгерістерге сай болу үшін инфрақұрылымдық дамытуға негізделуі тиіс. Оларға ғылыми іс-әрекетінің нәтижелерін нарыққа шығару, инновациялық дамудың кешенді жобалары мен бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру, инфрақұрылымды дамытудың өңірлік және ұлттық жобаларын әзірлеу, іске асыру, инновациялық саланы кадрлық қамтамасыз етудің көп деңгейлік дайындауы жатады [2].

Академиялық ұтқырлық мәселесі көптеген мемлекеттердің жоғары білім беру үрдістерін дамытудың басымдықтары ретінде қарастырылуда.

Қазіргі өзгерістерге сәйкес, Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (№ 988 қаулы, 27.12.2019) белгіленген. Қазақстандық жоғары білімнің халықаралық тартымдылығын арттыру мақсатында өңірлік білім беру хабын құру және үздік жоғары оқу орындарына шетелдік оқытушылар мен шетелдік студенттерді тарту жұмысын жалғастыру, сондай-ақ, екі дипломды бағдарламаларды, студенттер мен жоғары оқу орындары ОПК-ның сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының әртүрлі нысандарын дамыту, қазақстандық университеттер базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының кампустарын ашу жоспарлануда [3].

Академиялық ұтқырлық нысандарын талдау оны іске асырудың ықтимал технологияларын айқындайды. Академиялық ұтқырлық үш объекті шеңберінде іске асырылады: субъектінің (студент, оқытушы және зерттеуші) жеке бастамалары, зерттеу немесе ғылыми гранттар бағдарламалары (әсіресе магистратура деңгейіндегі) немесе зерттеу бағдарламаларын ұйымдастыру.

Қазіргі инновациялық білім беру өзгерістерге сәйкес, академиялық ұтқырлық жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлауда білім алушылар үшін, ЖОО-да ең жақсы жоғары көрсеткіштер беретін үдеріс.

Студенттер үшін оның артықшылығы мынада:

- жаңа білімдер алу, кәсіби құзіреттілігін дамыту, тілдік тәжірибе алу;
- толерантты тұлғаны қалыптастыру;
- жұмысқа орналасуда қосымша «бонус»: қос дипломның, сертификаттың болуы.

Жоғары оқу орындары үшін:

- ЖОО-ның және басқада халықаралық ынтымақтастықтағы серіктес ЖОО-ның дәрежесінің артуы;
- халықаралық білім беру коммуникациясы және әрекеттестік;
- оқу үдерісін дамыту үшін, университет аралық келісім шарттардың артуы;
- шетелдік студенттердің санының артуынан халықаралық білім беру ортасының қалыптасуы.

Осылайша академиялық ұтқырлыққа қатысқан білім алушылар өзінің болашақ әріптестерімен салыстырғанда, шетелдік жаңа білім мен тәжірибені игерген, әлемдік нарықта тез бейімделе алатын, тұлғалық және әлеуметтік-қоғамдық сын-тегеурінге табандылық таныта білетін құзіретті маман ретінде қалыптасады.

Академиялық ұтқырлық инновациялық білім беру бағдарламасы ретінде, оны жүзеге асыру технологиясы бір бірімен тығыз байланысқан элементтерден тұрады. Оған академиялық ұтқырлық мақсаты, академиялық ұтқырлықты ұйымдастыру шарттары (заңнамалық, білім берушілік, бағалаушылық), академиялық ұтқырлықтың ұйымдастыру механизмі, кедергілері жатады.

Академиялық ұтқырлықтың экономикалы-әлеуметтік әсерлері экономикалық-тұлғаның жаңа құзіреттіліктерді игеру арқылы біліктілігін арттыру, жалақысының өсуі, тиімді жұмысқа орналасуы, тұлғааралық қарым-қатынастың артуы толерантты тұлғаның қалыптасуы жатса ал экономикалық-қоғамдық әсеріне еңбек нарығының артуы, халықаралық экономикалық және ғылыми интеграцияның күшеюі жатады. Академиялық ұтқырлықтың әлеуметтік тұлғалық әсеріне шеттілін және мәдени ақпараттандыру деңгейінің артуын айтсақ. Ал әлеуметтік қоғамдық әсері-әлеуметтік толеранттылықтың артуы халықаралық

және ұлттық байланыстың дамуы, университет аралық ғылыми зерттеу ынтымақтастығының артуымен байланысты [2,23 бет].

Қазақстанның жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық инновациялық білім беру бағдарламасы ретінде оқытудың тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыратын маман даярлаудың сапасын жетілдіретін, прогрессивті-инновациялық бағыттың бірі. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асырудың механизмдері мен стратегияларын одан әрі дамыту, ҚР ЖОО-н халықаралық деңгейде бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Мысалы, QS World University Ranking бойынша, жоғары оқу орындарының жаһандық білім беру жүйесіндегі жоғары көрсеткіші, университеттердің халықаралық байланысы, шетелдік студенттердің санының көрсетіші, академиялық ұтқырлық бағдарламасының дамуы жатады. Сол себепті, ЖОО-дар өздерінің маман даярлаудағы сапасын арттыруы, оқу бағдарламаларына заманауи білім мен ғылымның жаңалықтары, практикаға бағытталған оқу курстарын енгізу, ағылшын тілінде оқыту пайызын арттыру, халықаралық ЖОО-ның рейтингтерінде жоғары көрсеткіштерге ұмтылуы қажет. Осыған байланысты, ЖОО-да академиялық ұтқырлық инновациялық білім беру бағдарламасы ретінде қарастырылуы қажет.

Білім алушылардың академиялық ұтқырлығына қол жеткізу үшін-Еуропалық жоғары оқу орындары қауымдастығының негізгі талаптары болып табылатын жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасының өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету қажет. Академиялық ұтқырлық бұл еліміздің кез-келген жоғарғы оқу орнында оқып жатқан білім алушының оқу орнын, оқу бағдарламасын, профессор-оқытушыларды еркін таңдауына мүмкіндік беру, оқу кезеңінің аралығында білім алушының белгілі бір оқу бағдарламасын еліміздегі немесе шет елдегі жоғарғы оқу орнында игеруге жағдай жасау. Болон үдерісінің бір негізгі құралы ретінде студенттердің академиялық ұтқырлығын дамыту білім берудегі жаңа мүмкіндіктерді ашумен қатар, еңбек нарығын және технологиялық кеңістікті қалыптастыруға жол ашады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің (№1118 жарлығы, 07.12.2010) URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>(қаралған күні 06.02.2020)- мемлекеттік бағдарлама.

4. Гуличева Е.Г. Организационно-экономические механизмы и подходы к управлению процессом распространения знаний за рубежом: автореф. Дис.канд.экон.наук. Москва, 2016, стр. 23-26 URL:<http://economy-lib.com/metodika-otsenki-effektivnosti-innovatsionnoy-programmy-obrazovaniya> (қаралған күні 06.02.2020) – диссертация авторефераты

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 -2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (№988 қаулы, 27.12.2019) URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>(қаралған күні 06.02.2020)- мемлекеттік бағдарлама.